

**Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының "Қараөткел"  
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 маусым N 793

Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының өзін-өзі қаржыландыруды және мүлкін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қараөткел" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - **Кәсіпорын**) **құрылсын**.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының өзін Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган етіп белгілеу туралы ұсынысына **келісім берілсін**.

3. Уәкілетті органға заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекіту және оны әділет органдарына тіркеуді **қамтамасыз ету**;

2) Кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастыру;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдау ұсынылсын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*